

"Қазақстан Республикасындағы сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 сәуірдегі N 380 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасындағы сауда-өнеркәсіп палаталары туралы"

Осы Заң сауда-өнеркәсіп палаталарының құқықтық жағдайын, сауда-өнеркәсіп палаталары мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, өкілеттігін, сауда-өнеркәсіп палаталарының органдарын құру және оның жұмыс жасау тәртібін айқындайды.

1-бап. Заңды қолдану аясы

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы сауда-өнеркәсіп палаталарын құрумен, оның қызметімен, қайта ұйымдастырумен және жоюмен байланысты туындаған қарым-қатынастарға қатысты болады.

2-бап. Заңның мақсаттары мен міндеттері

Осы Заңның мақсаттары мен міндеттері елдің экономикасын дамытуға, мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас жасау үшін сауда қызметін реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, қазіргі заманғы өнеркәсіп және сауда инфрақұрылымдарын құруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің шетел мемлекеттерінің кәсіпкерлерімен сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарын жан-жақты дамыту болып табылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталар туралы заңы

1. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Азаматтық кодекстен, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Сауда-өнеркәсіп палаталары

1. Сауда-өнеркәсіп палаталары (бұдан әрі - Палаталар) - мемлекеттік емес, өзін өзі қаржыландыратын және өзін өзі басқаратын ұйым болып табылатын, олардың қызметін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында ерікті негізде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғаларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген ұйымдық құқықтық нысаны.

2. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталарының қауымдастығы (одағы) және аумақтық Палаталар құрылады және ж ұ м ы с і с т е й д і .

Облыс аумағында, республикалық мәндегі қала мен Қазақстан Республикасының астанасында басқа облыс аумағында, республикалық мәндегі қалада, астанада өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы емес бір Палата құрылып, жұмыс істеуі мүмкін. Аумақтық Палаталар Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталарының қауымдастығына (одағына) (бұдан әрі - Палаталар қауымдастығы) бірігеді.

3. Палата облыс аумағында, республикалық мәндегі қалада, астанада кемінде он құрылтайшының бастамасы бойынша құрылады.

4. Палатаның құрылтайшылық құжаттары Палата мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) қабылданған Жарғы, барлық құрылтайшылар немесе олар уәкілетті адамдар қол қойған құрылтайшылық шарт болып табылады.

5. Палата Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылған болып есептеледі.

5-бап. Палаталардың атауы мен орналасқан жері

1. Палатаның атауы өз атауын, ұйымдық-құқықтық нысанға сілтемені және ол құрылған аумақтың әкімшілік-аумақтық бірлігінің атауын қамтиды. Ол өзіне заңында көзделген қосымша ақпаратты қамтуы мүмкін.

2. Осы Заңға сәйкес Палата нысанында құрылмаған ешбір заңды тұлға өзін "сауда-өнеркәсіп палатасы" деп атай алмайды.

3. Палатаның орналасқан жері болып оның тұрақты әрекет ететін органының орналасқан жері танылады.

6-бап. Палаталардың мүлкі

1. Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған, олардың қызметін материалдық қамтамасыз етуге қажетті объектілер мен мүліктер Палаталар меншігінде б о л а а л а д ы .

2. Палаталар тек өз жарғылық талаптарын орындауға қажеттілігіне қарай кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

3. Міндетті мүшелік жарналар, осы заңмен белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан түсетін түсімдер (кірістер), сондай-ақ заңмен тыйым салынбайтын өзге де түсімдер Палаталардың мүлкін қалыптастырудың к ө з і б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Палаталардың кірістері олардың жарғылық қызметін қамтамасыз етуге жіберіледі .

5. Палаталар өз міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі барлық мүлікпен жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады, сотта қуынушы және жауап беруші бола алады.

7-бап. Палаталардың басқару органдары

1. Палатаның басқару органдары:

1) жоғары басқару органы - жалпы жиналысы (конференциясы);

2) алқалық атқарушы орган;

3) бақылаушы орган (ревизиялық комиссия) болып табылады.

2. Жарғыда көзделген жағдайларда Палата мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) қабылданған ережелердің негізінде әрекет ететін басқа да органдар құрылуы мүмкін.

8-бап. Палаталар мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)

1. Палата мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) Палата қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

2. Палаталардың жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзырына:

1) Палатаның жарғысын және жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ш е ш і м д е р д і қ а б ы л д а у ;

2) Палатаны ерікті түрде қайта ұйымдастыру мен жою мәселелері;

3) атқарушы органдардың қаржылық есептілігін ұсынудың тәртібін және кезеңділігін, сондай-ақ бақылаушы органдардың тексерулер жүргізу тәртібін айқындау және о л а р д ы н ә т и ж е л е р і н б е к і т у ;

4) атқарушы органды, ревизиялық комиссияны сайлау;

5) жарғыда көзделген басқа да органдар мен олардың басшыларын сайлау;

6) Палатаның органдары мен басшыларының қызметтері туралы есептерді тыңдау ж әне о л а р д ы б е к і т у ;

7) Палатаның мүлкіне иелік ету тәртібін белгілеу;

8) мүшелік жарналардың мөлшерлемесін белгілеу;

9) Палата органдарының, басшылары мен қызметкерлерінің шешімдеріне Палата мүшелерінің ш а ғ ы м д а р ы н қ а р а у ;

10) Палата басшыларын мерзімінен бұрын шақырып алу.

3. Палаталар Қауымдастығының жалпы жиналысының (конференциясының) өзгеше құзыретіне аумақтық Палаталарды қабылдау және Палаталар Қауымдастығынан алып

т а с т а у

ж а т а д ы .

4. Жалпы жиналыс (конференция) Палата мүшелерінің жалпы санының үштен екісі болған кезде шешімдер қабылдауға құқықты.

5. Жалпы жиналысты (конференцияны) Палатаның атқарушы органы кемінде жылына бір рет шақырады. Ревизиялық комиссияның немесе Палата мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талабы бойынша Палата атқарушы органының Төрағасы отыз күн ішінде жалпы жиналысты (конференцияны) шақыруға міндетті.

6. Палатаның Жарғысында өзге де мәселелер және осы Заң мен Палата Жарғысымен жалпы жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыретіне жатқызған шешімдерді қабылдау көзделуі мүмкін.

9-бап. Палатаның атқарушы органы

1. Палатаның атқарушы органы палата мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) құпия дауыс беру арқылы басым дауыспен төрт жыл мерзімге с а й л а н а д ы .

2. Палатаның атқарушы органы:

1) Палата қызметінің басым бағыттарын айқындайды;

2) кәсіпкерлердің мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жүргізеді;

3) жалпы жиналыс (конференция) шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

4) экономиканың әртүрлі салаларында кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және кәсіптік біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5) Палата мүшелерінің кәсіпкерлік қызметіне, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіп үлгілерін патенттеуге, тауарлық белгілерді, қызмет көрсету белгілерін және тауарлардың шыққан орнының атауларын тіркеуге жәрдем көрсетеді;

6) Палатаның мүлкіне жарғыда және жалпы жиналыста (конференцияда) айқындалған тәртіпте иелік етеді;

7) бухгалтерлік есеп, қаржылық және статистикалық есеп-қисап пен іс жүргізуді ұйымдастырады ;

8) Палатаның мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзырына жатқызылған мәселелерден өзге басқа да мәселелерді шешеді.

10-бап. Палатаның атқарушы органының төрағасы

1. Палатаның атқарушы органының төрағасы құпия дауыс берумен Палатаның атқарушы органы мүшелерінің жалпы санынан басым дауыспен оның мүшелері а р а с ы н а н с а й л а н а д ы .

2. Палата атқарушы органының төраға Палатаның атқарушы органының жұмысын ұйымдастырады, Палатаның атқарушы органының мәжілісін шақырады және оларға төрағалық етеді, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да, оның ішінде халықаралық ұйымдарда Палатаны білдіреді.

3. Палаталар Қауымдастығының атқарушы органының төрағасы Қауымдастықты

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында білдіреді.

4. Палатаның атқарушы органы төрағасының басқа да өкілеттіктері жарғымен айқындалады.

5. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Палатаның атқарушы органының шешімі бойынша Палата мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

11-бап. Палатаның ревизиялық комиссиясы

1. Палатаның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін кемінде үш мүшеден тұратын санда ревизиялық комиссия құрылады.

2. Палатаның ревизиялық комиссиясының қызметкерлері атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

3. Палатаның ревизиялық комиссиясы жалпы жиналысқа (конференцияға) тікелей бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

12-бап. Палатаға мүшелік

1. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар Палаталарға мүше бола алады.

2. Міндетті мүшелік жарналардың көлемі, құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) қаржылық және өзге де қаражат түсімдері тәртібі жарғымен айқындалады.

3. Палаталар өз мүшелерінің қызметіне араласуға және олардың құқықтары мен мүдделерін бұзуға құқығы жоқ.

4. Палата мүшелері олардың жарғыларында көзделген жағдайларда палаталардың қызмет көрсетулерін пайдаланады.

13-бап. Палата мүшесінің құқықтары мен міндеттері

1. Палатаның мүшесі:

1) Палата, оның органдары мен лауазымды адамдары тарапынан жәрдемдесуді, кәсіби қолдауды және қорғауды пайдалануға;

2) сайлауға және Палатаның органдарына сайлануға;

3) Палата органдарының алдына оның қызметіне қатысты мәселелерді қоюға, Палатаның және оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) жарғымен айқындалған тәртіпте және жағдайларда Палатаның мүлкін пайдалануға;

5) өз бастамашылығымен Палатаның құрамынан шығуға құқылы.

2. Палатаның мүшесі:

1) Палата жарғысының талаптарын қадағалауға;

2) Палатаның және оның органдарының жалпы жиналыстарының (конференцияларының) шешімдерін орындауға;

3) мүшелік жарналар төлеуге міндетті.

3. Палата мүшелері өз құқықтары мен міндеттерінде тең.

4. Палатаның мүшесі Палатаның алдында мүшелік жарналар төлеу міндетінен басқа бір жақты мүліктік міндеттер ала алмайды.

14-бап. Палатадан шығару

1. Атқарушы орган мынадай жағдайларда Палатаның мүшесін Палатадан шығаруды жүргізеді:

- 1) Палата мүшесінің өз міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары мен талаптарын бірнеше мәрте бұзуы;
- 2) Палата мүшесінің Палатаның және оның органдарының жалпы жиналысының (конференциясының) шешімдерін бірнеше мәрте орындамауы;
- 3) міндетті мүшелік жарналарды жүйелі түрде төлемей;
- 4) өз еркімен;
- 5) Палатаның жарғысымен көзделген өзге де жағдайларда.

2. Палатаның мүшесі оның шығарған сәттен бастап алты ай өткен соң Палатаға қайта қабылдануы мүмкін.

3. Палатадан шығаруға Палатаның мүшесіне Палатаның атқарушы органының мүшеліктен шығару туралы шешімінің көшірмесін берген күннен бастап бір ай мерзімде сот тәртібімен шағымдана алады.

15-бап. Палаталар Қауымдастығының өкілеттігі

1. Палаталар Қауымдастығының қызметі осы Заңмен және оның жарғысымен айқындалады.

2. Палаталар Қауымдастығы:

- 1) палаталар қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- 2) Палаталардың құзыретіне қатысты мәселелер жөнінде шетелдік және халықаралық ұйымдармен келісім жасасады;
- 3) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес, оның ішінде шетелдік және халықаралық органдарда палаталардың мүдделерін таныстырады;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;
- 5) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың, көрсетілген тұлғалардың келісімі бойынша жасақталған тиісті аумақтарда қаржылық-экономикалық жағдайы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет үшін серіктес ретінде олардың сенімділік деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларының тізілімін айқындайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған және олардың жарғылық қызметінің мақсаттарына сәйкес келетін өзге де қызметті жүзеге асырады.

3. Палаталар қауымдастығы өз қызметтерінің мақсаттарына сәйкес мемлекеттік органдармен келісімдер жасай отырып, мемлекеттік органдармен ынтымақтаса алады және олар үшін белгілі бір жұмыстарды орындайды не оларға аумақтық Палаталармен

көрсетілген келісімдер жасасу жөнінде құқықтар береді.

4. Палаталар қауымдастығы жарты жыл және жыл қорытындысы бойынша сауда қызметі саласында мемлекеттік реттеуді және үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органға өз қызметі туралы ақпаратты береді.

16-бап. Аумақтық Палаталардың Өкілеттігі

1. А у м а қ т ы қ П а л а т а л а р :

1) кәсіпкерлердің мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

2) экономиканың әртүрлі салаларында кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және кәсіби шеберлігін арттыруды ұйымдастырады;

3) көрмелер, семинарлар және конференциялар өткізуді ұйымдастырады;

4) озық технологияларды игеруде қазақстандық кәсіпорындарға және кәсіпкерлерге жәрдемдеседі;

5) кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметін дамытуға жәрдемдеседі, қазақстан тауарлары мен қызмет көрсетулерін әлемдік рынокқа шығару үшін халықаралық маркетинг пен жарнамалық қолдауды жүзеге асыру;

6) шетелдердің кәсіпкерлік және қоғамдық топтарымен, сондай-ақ олардың бірлескен немесе мүдделерін білдіретін ұйымдарымен байланыс орнату мәселесіне жәрдемдеседі;

7) Палата мүшелерінің кәсіпкерлік қызметіне, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіп үлгілерін патенттеуге, тауарлық белгілерді, қызмет көрсету белгілерін және тауарлардың шыққан орнының атауларын тіркеуге жәрдемдеседі;

8) ұйымдарға және кәсіпкерлерге сыртқы рынокта сауда-экономикалық операциялар жүргізуге практикалық көмек көрсетеді;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте сыртқы экономикалық қызмет мәселелері жөнінде ақпараттық, бағалау, брокерлік, маркетингтік, жарнамалық, аудармашылық, сондай-ақ консалтингтік қызметтер көрсетеді;

10) экономика, сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, сондай-ақ кәсіпкерлердің мүддесін қозғайтын басқа да мәселелер бойынша тәуелсіз сараптаманы жүзеге асырады;

11) тауарлардың сапасының, санының және жиынының сараптамасын жүзеге асырады;

12) кәсіпкерлік қызметті және палаталардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте мерзімдік баспасөз басылымдарын басып шығарады;

13) өз мүшелерінің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғайды және оларды сот органдары мен ұйымдарда өзге де таныстырады;

14) кәсіпкерлер мен ұйымдардың өтінімдері бойынша нарықтық бағалардың

конъюнктурасын зерделеу бизнес жоспарлар мен инвестициялық жобаларды әзірлеу және сараптау бойынша жұмыстар жүргізеді;

15) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың, көрсетілген тұлғалардың келісімі бойынша жасақталған тиісті аумақтарда қаржылық-экономикалық жағдайы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет үшін серіктес ретінде олардың сенімділік деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларының тізілімін жүргізеді;

16) экспорт-импорт мәселелері бойынша барлық елдердің заңдары туралы, өткізілетін жәрмеңкелер, көрмелер, миссиялар туралы, халықаралық тауар айналымы мен төлемдер туралы, халықаралық сауда және ішкі шаруашылық қызметпен байланысты басқа да мәселелердің жай-күйі туралы ақпаратты жинауды, талдауды және өз мүшелеріне ұсынуды жүзеге асырады.

2. Аумақтық Палаталар Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған және олардың қызмет мақсаттарына сәйкес келетін өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

3. Аумақтық Палаталар жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша Палаталар Қауымдастығына өз қызметі туралы ақпарат береді.

4. Өз құзырлары шегінде Аумақтық Палаталар берген құжаттар Қазақстан Республикасының барлық аумағында мойындалады.

17-бап. Палаталарды қайта ұйымдастыру және тарату

Палаталарды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

18-бап. Қазақстан Республикасының Палаталар туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Палаталар туралы заңдарды бұзу Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке әкеледі.

19-бап. Өтпелі ережелер

Өз атауында "Сауда өнеркәсіп палатасы" деген сөз тіркесін пайдалана отырып, "Қазақстан Республикасындағы сауда өнеркәсіп палаталар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанға дейін тіркелген ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес үш ай ішінде тіркеуге жатады.

20-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы Заң оны ресми түрде жариялаған күннен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

